



«Қазақстан Халық Банкі»



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ - өз клиенттерінің игілігі үшін 90 жылдан аса табысты қызмет етіп келе жатқан Қазақстан Республикасындағы аса ірі әмбебап коммерциялық банк, еліміздегі ең сенімді әрі қызметі барынша сараланған қаржылық құрылымдардың бірі



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бұрынғы Қазақстан Республикасы Жинақ банкінің негізінде қайта құрылды және біраз жылдар бойы ҚР Үкіметінің зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі агенті болып келді.

2001 жылы жүргізілген Халық банкін жекешелендіру рәсімі нәтижесінде Банк өз клиенттеріне кең ауқымды және барынша сапалы қызметтер спектрін ұсыну мүмкіндігін беретін бизнес құрылымын жасауға қол жеткізді.

Банк Visa International және MasterCard International төлем жүйесінің карточкаларын шығарады және қазақстандық пластикалық карточкалар рыногының тұрақты көшбасшысы болып келеді. Банктің әалпы шығарылған карточкаларының саны 2,7 млн. бірліктен асып түсті, ал екінші деңгейдегі банктер арасындағы Банктің бұл көрсеткіш бойынша үлесі 40 пайыздан асады.



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның негізі қайта құрылған Қазақстан Республикасы Жинақ банкінің базасында қаланған. Еліміздегі алғашқы жинақ кассасы сонау 1923 жылы, төңкеріс жылдарынан кейінгі жаңа экономикалық қарым-қатынастар қалыптаса бастаған кезеңде, Ақтөбе қаласында ашылған болатын, кейіннен ұжымдандыру (коллективтендіру) және индустрияландыру науқандары жүргізілген тұста, 1936 жылы, Алматы қаласында КСРО Жинақ банкінің филиалы ашылды. Нақты 1923 жылдан бастап жинақ жүйесін дамытудың және көпшілікке таратудың жаңа белесі басталды.



Павлов Александр Сергеевич  
*Директорлар кеңесінің төрағасы,  
тәуелсіз директор*



Шаяхметова Үміт Болатханқызы  
*Басқарма Төрайымы*

# Рейтингтер



Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді депозиттер	<b>Ba2</b>
Шетел валютасындағы Moody's Investors Service қысқа мерзімді депозиттер	<b>Not prime</b>
Қаржылық тұрақтылық рейтингі	<b>D-</b>
Рейтинг болжамы	<b>Негативті</b>
Standard and Poor`s	
Контрагенттің ұзақ мерзімді рейтингі	<b>BB+</b>
Контрагенттің қысқа мерзімді рейтингі	<b>B</b>
Рейтинг болжамы	<b>Тұрақты</b>
Fitch Ratings	
Шетел валютасындағы эмитенттің дефолт ұзақ мерзімді рейтингі	<b>BB</b>
Шетел валютасындағы қысқа мерзімді рейтинг	<b>B</b>
Тұрақтылық рейтингі	<b>bb-</b>
Қолдау рейтингі	<b>4</b>
Ұзақ мерзімді рейтингке болжамы	<b>Тұрақты</b>

## Соңғы тендерлер

*11.02.2016*

2016 жылы 23 ақпанда Банк үшін дискілік массивтерді, оларды құрастыру және орнату бойынша жұмыстарды сатып алуға ашық тендерді жүргізу туралы хабарлама

*08.02.2016*

2016 жылы 22 ақпанда электрондық сауда-саттық жүйесі арқылы қоймалық және тұрақты мұрағаттық стеллаждарды жеткізуге және оларды құрастыруға мердігерді таңдау бойынша ашық тендерді жүргізу туралы хабарлама

*01.02.2016*

2016 жылы 12 ақпанда баспа техникасы үшін шығыс материалдарын жеткізушіні таңдау бойынша ашық тендерді жүргізу туралы хабарлама

*28.01.2016*

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ 2016 жылы 8 ақпанда сағат 16.00-де «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ Манғыстау облыстық филиалының бөлмелері мен аумақтарын кешенді тазалау қызметтерін көрсетушіні таңдау жөнінде ашық тендер жариялайды

*26.01.2016*

2016 жылы 9 ақпанда электрондық сауда-саттық жүйесі арқылы Банктің салынып жатқан ғимаратында өрт сөндіру-күзет хабарлағышы мен ұнтақты өрт сөндіру жүйелерінің жабдығын жеткізуге, қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелерін құрастыру мен реттеуге жеткізушіні таңдау бойынша ашық тендерді жүргізу

*25.01.2016*

2016 жылы 8 ақпанда электрондық сауда-саттық жүйесі арқылы дизельді генераторды, құрастыру және іске қосу-реттеу жұмыстарын сатып алуға ашық тендерді жүргізу туралы хабарлама

*22.01.2016*

2016 жылы 8 ақпанда электрондық сауда-саттық жүйесі арқылы үздіксіз қуат көздерін сатып алуға ашық тендерді жүргізу туралы хабарлама

## ***Топтың Құндылықтары***

***Клиентке бейімділік:*** Топ өз клиенттерінің сұраныстарын түсінуге тырысады және олардың өз мақсаттарына жетуіне және ол мақсаттардан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне көмектесетін ең тиімді шешімдерді ұсыну үшін барлық ресурстарды қолдануға міндеттенеді.

***Сенімділік:*** Топ халықаралық құқықтың нормалары мен көпшілікке танылған қағидаттарды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, бизнес жүргізетін басқа елдердің заңнамасын, Топтың ішкі ережесі мен ережелерін мүлтіксіз сақтайды. Топ қызметтердің барлық саласында бизнесті әрқашан мінсіз, адал жүргізуге ұмтылады. Топ корпоративті басқарудың халықаралық стандарттарына талпынады және өз қызметін акционерлер, клиенттер, іскер серіктестер, мемлекеттік билік органдары, қызметкерлер үшін іске асыруда ең ашық саясат пен айқындылық қағидаттарын ұстанады. Сенімділік - біздің ең құнды активіміз - Топтың іскерлік абыройын сақтап қалудың негізгі факторы.

***Көшбасшылық:*** Топ нарықтың барлық сегментінде кез – келген клиентке қызмет көрсетуде көшбасшылық орынға талпынады. Ұйымның барлық деңгейіндегі басшылар жұмысқа деген құлшынысымен және жігерлігімен, өз ісіне берілгендігімен үлгі болып келеді. Басшылар ұйымға бағыт береді, жаңа бастауларға қолдау жасайды, Топтың өз жұмысын орындауына барынша қолғабыс көрсетеді.

***Әлеуметтік жауапкершілік:*** Халықтың сұраныстары мен мүдделеріне көңіл бөлу - Топ қызметінің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Топ қоғамның дамуы мен әлеуметтік мәселелердің шешіміне белсенді үлес қосуға және жауапты корпоративті ұйым болуға тырысады.

***Әділеттілік:*** Топ әрқашан және барлық жерде, барлық бағыттар бойынша мінсіз адал бизнес жүргізуге ұмтылады. Топ ішкі процестердің ашықтық принциптерін, өзара құрмет пен сенімге негізделген клиенттермен қарым-қатынас құру, корпоративтік этиканың сәйкестігін ұстанады.

***Біліктілік:*** Топ кәсіптік қызметтің ең жоғары стандарттарына, жаңа идеялар мен жаңалыққа ашық ұмтылады. Негізгі міндет - клиенттермен мықты да ұзақ мерзімді қатынастарды қамтамасыз ететін, клиенттерге қызмет көрсету бойынша барлық операцияларды сапалы түрде, дер кезінде және тиімді шарттармен іске асыру.





**Бизнесті жүргізу моделін және оның бейімділігін ауыстыру арқылы, ең алдымен клиенттердің жоғары сервиске, қызмет көрсетудің ыңғайлы жағдайларына, жоғары технологиялық қаржылық қызметтер мен өнімдерге қол жетімділікке өскен талаптарын қанағаттандыруға Топ позицияларын қорғау мен жақсарту, Топтың 2016-2018 жж. кезеңде шешуі қажет мақсаттарының негізіне кірді.**